

**«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС**

КӘСІПОРЫН СТАНДАРТЫ

**«ҚАЗАҚТЕҢІЗКӨЛІКФЛОТЫ» ҰТКҚК» ЖШС**  
**АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІН ТАРТУ**  
**САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ»**

ҚТКФ.046 КСТ

Ақтау  
2022



**БЕКІТІЛДІ**

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС  
Қадағалау кеңесінің  
2022 жылғы «30» Наурыз шешімімен  
№ 02/2022/ХК Хаттама

### КӘСІПОРЫН СТАНДАРТЫ

<b>Менеджменттің біріктірілген жүйесі</b> <b>ҚТКФ.046 КСТ</b>	
<b>«Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты» ҚТКФ.046 КСТ</b>	Барлығы бет саны: 19

Қолданысқа енгізілген күні: 2022 жылғы «30» Наурыз

Ақтау  
2022

## МАЗМҰНЫ

1	ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	4
2	ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ.....	4
3	АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....	4
4	АУДИТОРДЫ ТАҢДАУ.....	6
5	АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖІКТЕЛІМІ .....	7
6	САНАТТАР БОЙЫНША АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗБЕСІ.....	9
7	АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУҒА РҰҚСАТ АЛУ....	11
8	АУДИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ КЕЗІНДЕ МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫ.....	11
9	АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТКЕ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУ .....	12
10	ЖОБА БОЙЫНША СЕРІКТЕСТІ РОТАЦИЯЛАУ.....	13
11	АУДИТОР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚТКФ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ.....	13
12	АУДИТОРДЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ РАСТАМАСЫ .....	13
13	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	14
	ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ.....	18
	ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫН ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ.....	19

## **1. ҚҰЖАТ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты (бұдан әрі - Саясат) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 09 қыркүйектегі №14/2021 шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатына, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының этика кодексіне, «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКҚК» ЖШС (бұдан әрі – ҚТКФ) аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде Аудитордың тәуелсіздік мәртебесін сақтауын қамтамасыз етуге, мүдделер тартысын болдырмауға, аудиторлық емес қызметтерді ұсыну үшін Аудиторды тарту бойынша біріздендірілген рәсімдерді қолданысқа енгізуге бағытталды.

## **2. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ**

2.1. Осы Саясат тек қана Аудитордың аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсынуына қатысты қолданылады.

2.2. Саясатта көзделген негізгі ережелер ҚТКФ үшін Аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірмей нақтылы аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну үшін Аудиторды тарту мүмкіндігін береді.

ҚТКФ тобындағы ұйымдар осы Саясаттың ережелерін ескере отырып, аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласында жеке саясаттарын әзірлейді.

## **3. АНЫҚТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

Осы Саясаттың мақсаттары үшін мынадай анықтаулар мен қысқартулар қолданылды.

**Аудитор**

- ҚТКФ аралық шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне шолу жүргізуді қоса алғанда, ҚМГ шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызметтерді ұсынатын және ҚМГ тобының Аудиторы болып табылмайтын аудиторлық ұйым

**Аудиторлық ұйым**

- аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым (аудиторлық қызметпен айналысу)

**Аудиторлық қызметтер**

құқығына аудиторлық қызметті жүзеге асыру лицензиясына ие аудиторлық ұйымдар ие болады)

**ҚТКФ тобы**

- аралық шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне аудиторлық шолу жүргізуді қоса алғанда, ҚТКФ шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне аудит жүргізу бойынша қызметтер

**Еншілес компания**

- ҚТКФ және барлық деңгейдегі оның еншілес компаниялары

**Заң**

- «Шоғырландырылған қаржы есептілігі» ХҚЕС 10 сәйкес еншілес ұйым ретінде айқындалатын ҚТКФ ұйымы

**«Санау» АЖ**

- «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

**Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексі**

- ҚМГ аудиторлық ұйымдары және барлық деңгейдегі оның еншілес компаниялары ұсынған аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің шығыстары туралы ақпаратты жинауға арналған «Санау» ақпараттық жүйесі

**Аудит жөніндегі комитет**

- Этика стандарттары жөніндегі комитеттің халықаралық бухгалтерлер федерациясының бухгалтерлері үшін шығарған кәсіби бухгалтерлерге арналған этикалық талаптар жинағы (этика стандарттары)

**Мүдделер тартысы**

- ҚМГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті

**Компания**

**Аудиторлық емес қызметтер**

- аудиторлық ұйымның аудиттелетін субъектінің қаржы есептілігінің дәйектілігі туралы пікіріне ықпал етуі мүмкін мүдделік таныту жағдайы

- ҚТКФ немесе Еншілес компания  
- Аудитор/Аудиторлық ұйымдар ұсынатын жеке және шоғырландырылған қаржы

<b>Жауапты құрылымдық бөлімше</b>	есептілігінің аудиті және/немесе аралық аудиторлық шолу болып табылмайтын қызметтер - бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржы есептілігін әзірлеу үшін жауапты ҚТКФ құрылымдық бөлімшесі
<b>Есепті жыл</b>	- 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда қаржы жылы
<b>Есепті кезең</b>	- есепті жылғы 1 қаңтардан бастап 31 наурызды қоса алғанда, 1 қаңтардан бастап 30 маусымды қоса алғанда, 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйекті қоса алғанда басталатын кезең
<b>Жоба</b>	-Аудитордың ҚТКФ шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне шолу жүргізуді қоса алғанда, ҚТКФ шоғырландырылған және жеке қаржы есептілігіне аудит жүргізуі
<b>Шектеулі сома</b>	- Аудитор ұсынатын аудиторлық қызметтердің шығыстарынан жоғары болмауға тиіс әрбір есепті жылға арналған есепті сома
<b>Қаржы есептілігі</b>	- шоғырландырылған және/немесе жеке қаржы есептілігі

#### **4. АУДИТОРДЫ ТАҢДАУ**

4.1. Аудиторлық ұйымды таңдауды айқындайтын негізгі критерийлердің бірі мыналар болып табылады:

- 1) қызмет сапасы:
  - аудиторлық ұйым мамандарының жоғары біліктілік деңгейі;
  - аудиторлық ұйым мамандарының қазақстандық сияқты халықаралық нарықта жұмыс тәжірибесінің болуы;
  - сала бизнесін білуі (аудиторлық ұйымның нақтылы салада неғұрлым көп клиенттері болса, ол осы сала мәселелерін жете біледі және проблемаларды шешудің оңтайлы нұсқаларын тез арада табады);
  - қызметтерді ұсыну оралымдығы;

- кемшіліктерді анықтау және қаржы есептілігін әзірлеу процесі бойынша ішкі бақылауды одан әрі жетілдіру жөнінде ұсынымдарды беру бойынша жұмыс тиімділігі.

2) Қызметтерді ұсыну әдісі:

- ҚТКФ ерекшеліктері мен талаптарына қатысты аудит әдістемесі және стратегиясы;

- жұмысты үйлестіру және бақылау;

- аудит жүргізу мерзімі;

- басшылықпен жұмыс жасау;

- ішкі аудит қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау;

- есепке алу бойынша қисынды және стандартты емес техникалық мәселелерді шешудің әдістері мен тәсілдері;

- аудит нәтижелілігін ұдайы жетілдіру және арттыру бойынша міндеттемелер;

жобалау командасының құзырлығы:

- аудит сапасы мен мерзімін ұстануды қамтамасыз ету үшін қажетті біліктілік пен ресурстардың болуы;

- салалық тәжірибенің, соның ішінде ауқымы осыған ұқсас клиенттерге қызмет көрсетуде практикалық тәжірибенің болуы;

4) аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттарын, Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет саласындағы заңнамасын, Халықаралық бухгалтерлер федерациясы кәсіби бухгалтерлерінің этика кодексін сақтауы;

5) қазақстандық сияқты халықаралық нарықта жағымды беделге ие болуы;

6) қызметтерді ұсынуға жұмсалатын жұмыс уақытының ұзақтығы және қызметтердің құны;

7) тәуелсіз болуы және мүдделер тартысының болмауы:

- әлеуетті дау-жанжал және олардың шешімін табу әдістері (соның ішінде тікелей бәсекелестер үшін орындалатын жұмыстардың сипаттамасы);

- серіктестер ротациясының міндеттемелері мен әдістері және жобалау тобы мүшелерінің мирасқорлығын жоспарлау;

- сапаны бақылау және клиенттің қанағаттанушылығын бағалау жүйесінің сипаттамасы.

4.2. Аудиторды таңдау рәсімі «Самұрық-Қазына» АҚ және дауыс беру акцияларының (қатысу үлестері) елу және одан жоғары пайызы меншіктену немесе сенімді басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **5. АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖІКТЕЛІМІ**

5.1. Аудитор ҚТКФ тобына нақтылы аудиторлық емес қызметтерді ұсынуы мүмкін. Осы ретте ҚТКФ аудиторлық емес қызметтерді ұсыну және осы бойынша



сыйақылау деңгейі мүдделер тартысына немесе Аудитордың іс жүзінде/болжамды объективті болмауына әкеліп соқтыруы мүмкін деп санайды.

5.2. ҚТКФ әлеуетті аудиторлық емес қызметтерді мына санаттар бойынша жіктейді:

**А санаты:** Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке ықпал етуі мүмкін және Аудитормен Қазақстан Республикасының, сондай-ақ Компанияның тіркелуі жүргізілген басқадай елдің заңнамалық және нормативтік актілерінің талаптарына сәйкес ұсынылатын аудиторлық емес қызметтер. А санатындағы аудиторлық емес қызметтерді ұсыну Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген талаптарды сақтай отырып жүргізіледі.

А санатындағы аудиторлық емес қызметтер 5.5. тармақта көрсетілген шектеулі соманың сақталуын талап етпейді.

**В санаты:** Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікке ықпал етуі мүмкін және Аудитормен Заңға сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген талаптарды сақтай отырып ұсынылуы мүмкін аудиторлық емес қызметтер. В санатындағы аудиторлық емес қызметтер 5.5. тармақта көрсетілген шектеулі соманың сақталуын талап етеді.

**С санаты:** Аудитордың ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікті жоғалтуға әкеліп соқтыратын және Заңға және Кәсіби бухгалтерлердің этика кодексінде көзделген басқадай шектеулерге сәйкес тыйым салынған қызметтер болып саналатын аудиторлық емес қызметтер.

5.3. ҚТКФ тобына А және В санаттарына жататын аудиторлық емес қызметтерді ұсыну үшін Аудитор Жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін қаржы блогының басшысынан рұқсат алуға міндетті.

БК және АК аудиторлық емес қызметтерін ұсынған жағдайда Аудитор Жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін қаржы блогының басшысынан рұқсат алуға міндетті болмайды, бірақ Жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін қаржы блогының басшысын аудиторлық емес қызметтерді ұсыну туралы оған электрондық хабарлама жолдау арқылы хабардар етуге міндетті болады.

5.4. ҚТКФ С санатына жататын қызметтерді ұсыну үшін Аудиторды тартпайды.

5.5. Ағымдағы есепті жылы Аудитормен ҚТКФ тобына ұсынылған В санатындағы аудиторлық емес қызметтер шығыстарының жалпы сомасы Аудитормен ҚТКФ тобына алдыңғы үш есепті жылында ұсынылған аудиторлық қызметтер шығыстарының орташа сомасының 50 %-ы ретінде есептелген шектеулі сомадан жоғары болмауға тиіс.

5.6. Жауапты құрылымдық бөлімше ағымдағы Есепті жылы қолдану үшін Шектеулі соманың есептеулерін (1-қосымша) және Аудитормен жұмыс тәртібінде оның келісілуін мерзімі ағымдағы Есепті жылғы сәуірдің 1-інен кешіктірмей жүргізеді.



## 6. САНАТТАР БОЙЫНША АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

6.1. А санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзырлы немесе реттеуші орган талап ететін есептілік;
- Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын компанияның тіркелуі жүргізілген және өзі орналасқан елдің заңнамасымен талап етілетін есептілік;
- Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын компанияның тіркелуі жүргізілген және өзі орналасқан елдің заңнамасымен талап қойылған ішкі қаржы бақылауы туралы есептілік;
- Құзырлы/реттеуші органдар талап ететін немесе осы сияқты органмен берілетін есептемелер, егер құзырлы/реттеуші орган қызметтерді ұсыну үшін Аудиторды айқындаған не болмаса Компанияға осы қызметтерді ұсынуға Аудиторды таңдау қажеттігін атап көрсеткен болса;

6.2. Компанияға Қазақстан Республикасының заңнамасымен талап етілетін міндеттемелерді орындауда көмек ретінде осы сияқты қызметтерді ұсыну уақыты қатаң шектелген, осы сияқты қызметтердің мәні оның бағасына сезімтал болған және бейтарап, әділ және хабардар болған үшінші тараптың қаржы есептілігінің мақсаттары үшін Компания қызметі туралы Аудитордың хабардар болушылығы туралы қорытындысы осы қызметтер үшін белгілі бір мәнге ие және қызметтер сипатының тәуелсіздігіне қатер төндірмейтін болса. В санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

- кредиттік келісімдер жөнінде есептілік (заңнамамен талап етілгенді қоспағанда);
- қаржы ақпараты/қаржылық бақылау бөлігінде Компания басшылығының тапсырмасы бойынша ұсынылатын аясы кеңейтілген аудиторлық рәсімдерді ұсыну бойынша қызметтер, егер осы жұмыс ұсынылатын аудиторлық қызметтермен біріктірілген және осы негізгі талаптармен орындалған жағдайда;
- ҚМГ немесе ҚТКФ басшылығының тапсырмасы бойынша ұсынылатын елеулі Компаниялардың қаржы есептілігіне қатысты қосымша аудиторлық рәсімдерді жүргізу бойынша қызметтер;
- заңнамада немесе бухгалтерлік есепке алумен аудит стандарттарында болған өзгерістерді талдау бойынша қызметтер;
- салық кеңес берулерін ұсыну бойынша қызметтер;
- компанияларды қосу және қосып алу бойынша мәмілелерді сүйемелдеу қызметтері;

- инвестициялық келісімдер және инвестициялық проспектілер шеңберінде әзірленетін Компанияның жария есептілігіне қатысты аудиторлық және басқадай қызметтер;

- есептілікті растау/әзірлеу немесе инвестициялық келісімдер немесе инвестициялық проспектілер шеңберінде Компания басшылығының ақпаратты ашып жария етуі бойынша қызметтер;

- қаржы есептілігінен өзгеше Компанияның есептілігін растау бойынша қызметтер (қоршаған орта бойынша есептілік, тұрақты даму жөніндегі есептілік және т.б.).

6.3. С санатындағы аудиторлық емес қызметтерге мыналар жатады:

- кейінге қалдырылған салықты қоса алғанда салық есептеулерімен және/немесе салық есептілігінің нысандарын әзірлеумен байланысты салық қызметтері;

- салық органдарының тексерістері кезінде сүйемелдеу бойынша қызметтер;

- Компанияны басқаруға қатысумен немесе басқарушылық шешімдерді қабылдаумен байланысты қызметтер;

- бухгалтерлік есепке алуды жүргізу және қаржы есептілігін әзірлеу бойынша қызметтер;

- Компанияның қызметкерлеріне еңбек жалақысын есептеп төлеу бойынша қызметтер;

- қаржы ақпаратын әзірлеумен және/немесе оған бақылау жүргізумен байланысты ішкі бақылау немесе тәуекелді басқару рәсімдерін әзірлеу және қолданысқа енгізу немесе қаржылық ақпараттық технологиялар жүйелерін әзірлеу және қолданысқа енгізу бойынша қызметтер;

- бағалау жүргізу, соның ішінде актуарлық міндеттемелерді бағалау немесе Компанияның сот талқылауларымен байланысты міндеттемелерді бағалау бойынша қызметтер;

- заң қызметтері, соның ішінде заң кеңесшісінің, Компания атынан келіссөздерді жүргізу, сот дауларын шешуде Компанияның мүдделерін қорғау бойынша қызметтер;

- комплаенс-қызметтер;

- Компания шығарған бағалы қағаздардың проспектілеріне қатысты кепілгерлік хаттарды шығару сияқты қаржы есептілігіне қатысты аудиторлық қызметтерді ұсынуды қоспағанда, капиталды қаржыландырумен, оның құрылымымен және оны бөлумен, сондай-ақ Компанияның инвестициялық стратегиясымен байланысты қызметтер;

- Компания акцияларының қозғалысына, сатылымына немесе андеррайтингке қатысты қызметтер;

- Компанияның бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржы есептілігін әзірлеуге ықпал ететін басшы қызметтеріне персоналды іздестіру және оларға тест өткізу бойынша қызметтер;
- Компанияның ұйымдық құрылымын айқындау бойынша қызметтер;
- Компанияның шығындарына бақылау жүргізу қызметтері.

## **7. АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУҒА РҰҚСАТ АЛУ**

7.1. Аудитордың Компанияға А және В санаттарында аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға мүдделік танытқан жағдайында Аудитор Жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысына аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға Сұраныс жолдайды (2-Қосымша).

7.2. Жауапты құрылымдық бөлімше аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға Сұранысты алған кезде:

- аудиторлық емес қызметтердің жіктелімін тексереді (А, В немесе С санатына жатқызу);
- Шектеулі соманың жоғары болмауын тексеруді жүзеге асырады;
- Аудитордың тәуелсіздігін бұзушылыққа жол бермеу/бұзушылыққа жол беру туралы қорытынды береді.

7.3. Жауапты құрылымдық бөлімше Жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін қаржы блогының басшысының қарауына аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға Сұраныс туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен Сұраныстың алынған күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде әзірлейді (3-Қосымша).

7.4. Жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін қаржы блогының басшысы ішкі құжаттарда белгіленген мерзімде және тәртіппен аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алу үшін Сұраныс туралы ақпаратты пысықтайды және Аудитордың аудиторлық емес қызметтерді ұсынуына рұқсат беру/рұқсат бермеу жөнінде шешім қабылдайды.

7.5. Жауапты құрылымдық бөлімше жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін қаржы блогы басшысының шешімін Аудиторға жұмыс тәртібінде жолдайды.

## **8. АУДИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНҒАН КЕЗДЕ МҮДДЕЛЕР ТАРТЫСЫ**

8.1. Аудиторлық қызметтерді сатып алу рәсімдерін жүргізу және аудиторлық қызметтерді пайдалану кезінде ҚТКФ Аудитордың тәуелсіздігіне мыналардың салдарынан нұқсан келтірілуі мүмкін қатерді пысықтайды:

- 1) аудитормен бұрын бұрын ұсынылған қызметтердің сипаты;

2) аудиттелген қаржы есептілігінің кезеңінде немесе одан кейін Аудитормен өзара қаржы немесе іскерлік қатынастар.

ҚТКФ Аудитордың тәуелсіздігіне нұқсан келтіру қатерін болдырмау немесе оны парасатты деңгейде жоққа шығару үшін тиісті шараларды қабылдамаған немесе қабылдау мүмкіндігіне ие болмаған жағдайда ҚТКФ Аудитордың аудиторлық қызметтерін пайдалану мүмкіндігіне ие болмайды. Аудиторға аудиторлық қызметтерді Заңда көзделген жағдайларда ұсынуға тыйым салынады.

8.2. Аудитормен ҚТКФ ұсынылатын аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер:

1) аудиторлық ұйыммен құрылған бірлескен кәсіпорындарға немесе осыған ұқсас бірлестіктерге қатысушылардың көпшілік саны ҚТКФ бәсекелестері болуымен;

2) Аудитордың ҚТКФ және оның өзара мүдделер тартысын тудыратын немесе белгілі бір мәселелер, операциялар және проблемалар бойынша ойталас пен пікірталас жағдайында болатын басқадай ұйымдарға қызметтерді ұсынуымен қалыптасқан объективтілік пен құпиялылық қағидаттарын бұзушылыққа жол бермеуге тиіс.

## **9. БАСШЫЛЫҚҚА АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ**

9.1. ҚТКФ «Санау» АЖ енгізу үшін Аудиторлық ұйымдармен ұсынылған және ҚТКФ жиынтық кірістері туралы есептемесінің құрамында ашып көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің шығыстары туралы ақпаратты береді. Ақпарат есепті жылғы 1 қаңтардан есепті кезеңнің/жылдың соңғы күніне дейін өсу қарқындылығымен мына мерзімде беріледі:

1) Есепті кезең бойынша - Есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-ы күніне дейін мерзімде;

2) Есепті жыл бойынша - Есепті жылдан кейінгі жылғы ақпанның 15-іне дейін мерзімде. Осы ретте Есепті жылдан кейінгі 2 жылдағы жиынтық кірістер туралы есептемеде мойындалуға жататын Аудиторлық ұйымдармен жасасқан шарттар бойынша келешек шығыстардың сомалары Есепті жыл бойынша қосымша беріледі.

9.2. ҚТКФ Жауапты құрылымдық бөлімшесі ҚТКФ тобымен «Санау» АЖ енгізу үшін берілген деректердің толық және дұрыс болуын тексеруді жүзеге асырады, сондай-ақ оларды Аудиторлық ұйымдармен салыстырып тексеруді жүргізеді.

## **10. ЖОБА БОЙЫНША СЕРІКТЕСТІК РОТАЦИЯСЫ**

10.1. ҚМГ талаптарына сәйкес Аудитор әрбір бес жыл сайын Жоба бойынша (аудит үшін негізгі жауапкершілікті артатын) серіктестік ротациясының қағидатын ұстануға тиіс.

10.2. Серіктестіктің Жоба бойынша мирасқорлық жоспарын Аудитор әзірлейді және оны Жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін басшыға пысықтау үшін ротация жүргізілгеннен кейін бір жылдан кешіктірмей береді.

## **11. АУДИТОР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ҚТКФ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ**

11.1 Жоба бойынша Серіктес ҚТКФ Басқармасының мүшесі, қаржы блогының басшысы, Бас бухгалтер қызметіне Жоба бойынша серіктес болудан босатылған күнінен кейінгі екі жыл өткен соң ғана тағайындалуы (сайлануы) мүмкін.

11.2 Егер ҚТКФ Басқармасының мүшесі, қаржы блогының басшысы, Бас бухгалтер қызметіне ҚТКФ міндетті аудитіне қатысатын немесе қатысқан тұлғаны Аудитордың қызметкері ретінде оның ҚТКФ тағайындалған (сайланған) күнінен кейін екі жыл ішінде тағайындалуы (сайлануы) жорамалданған жағдайда, мүдделер тартысын болдырмау мақсатында оның тағайындалуы (сайлануы) туралы мәселені кейінгі уақытта пысықтау үшін ҚМГ аудит жөніндегі комитетінің ұсынылған кандидат бойынша алдын ала мақұлдауын алу талабы қойылады.

## **12. АУДИТОРДЫҢ ЖЫЛ САЙЫНҒЫ РАСТАМАСЫ**

12.1. Аудитор Жауапты құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін қаржы блогының басшысына жылына кем дегенде бір мәрте:

- Аудитор тәуелсіздігінің сақталғанын;
- Аудитор мен оның серіктестері ҚТКФ және оның барлық деңгейдегі еншілес компанияларына қатысты ешбір қаржы мүдделігін танытпайтындығын;
- Жобаға тартылған аудиторлық команда мүшелерінің ҚМГ қатысты қаржы мүдделігін танытпайтындығын;
- осы Саясатта көзделген жағдайларды қоспағанда ҚТКФ және Аудитор арасында қызметтерді ұсынудың ешбір өзге жағдайлары болмайтынын;
- ҚТКФ тарапынан Аудиторға төленетін сыйақының ішінара бөлігі төтенше жағдайлардың туындауын негізге ала отырып төленбейтінін;
- өзара шасасқан шарттар негізінде Аудитормен алынған немесе алынуы жорамалданған жалпы сыйақы сомасы ҚТКФ немесе ҚТКФ тобы атынан Аудитордың қаржы тәуелсіздігіне елеулі әсерін тигізбегенін және Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Алқаби Сертификатталған бухгалтерлері қауымдастығы ( the ACCA Rules of Professional Conduct) Кәсіби

этикасының қағидасына сәйкес Аудитордың жалпы кірістерінің 15 пайызынан жоғары болмайтынын;

- ҚТКФ және Аудитор арасында ешбір дау болмағанын растайды.

### **13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

13.1. Осы Саясаттың жекелеген ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары қолданылады.

13.2. Осы Саясат мұнда баяндалған талаптардың өзекті болуына қарай мерзімді бағаланып отыруға тиіс.

13.3. ҚМГ Аудит жөніндегі комитеті Саясат талаптарын сақтау мәселелерін қажеттігіне қарай осы мақсаттарда Ішкі аудит қызметтерін тарту мүмкіндігімен пысықтайды.



1 Қосымша

\_\_\_\_\_ Аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға шектеулі соманы есептеу  
нысаны

№ р/н	Есепті жылдың алдыңғы 3 жылы	Аудиторлық қызметтердің нақты шығыстарының сомасы, мың теңге
1	2	3
1		
2		
3		
	Барлығы	
	Бір жыл бойынша орташа сома	
	<b>Шектеулі сома (жыл бойынша Орташа соманың 50%)</b>	

Келісілді:  
Аудитор

\_\_\_\_\_

—

2 Қосымша

**Аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға сұраныс нысаны \***

Аудиторлық емес қызметтерді ұсынатын жорамалды компанияның атауы: \_\_\_\_\_

ҚТКФ оңғы шоғырландырылған қаржы есептілігін шығару күніне компанияның деректері:

- барлығы активтер \_\_\_\_\_

- салық салынғанға дейінгі табыс/(шығындар) \_\_\_\_\_

(мың теңге)

Аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға сұраныс № және күні	Аудиторлық емес қызметтердің атауы	Аудиторлық емес қызметтердің толық сипаттамасы	Аудиторлық емес қызметтердің жорамалды жіктелімі (А, В, С)	Жоспарланған сыйақы сомасы (теңгеден басқа валютада берілетін сыйақы сомасы аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға берілген сұраныстың күніне белгіленген бағам бойынша қайта есептеледі)	Осы қызметтерді ұсыну кезінде тәуелсіздікті талдау	Мүдделер тартысының болмауын растау
1	2	3	4	5	7	8

\* қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі

Аудитордың уәкілетті тұлғасы

Т.А.Ә.а

ҚОЛЫ

3 Қосымша

**Аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға сұраныс туралы ақпарат нысаны**

Аудиторлық емес қызметтерді ұсынатын жорамалды компанияның атауы: \_\_\_\_\_

ҚТКФ оңғы шоғырландырылған қаржы есептілігін шығару күніне компанияның деректері:

- барлығы активтер \_\_\_\_\_

- салық салынғанға дейінгі табыс/(шығындар) \_\_\_\_\_

(мың теңге)

Аудитор деректері							Жауапты құрылымдық бөлімше деректері			
Аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға сұраныс № және күні	Аудиторлық емес қызметтердің атауы	Аудиторлық емес қызметтердің толық сипаттамасы	Жоспарланған сыйақы сомасы (теңгеден басқа валютада берілетін сыйақы сомасы аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға рұқсат алуға берілген сұраныстың күніне белгіленген бағам бойынша қайта есептеледі)	Аудиторлық емес қызметтердің жорамалды жіктелімі (А, В, С)	Осы қызметтерді ұсыну кезінде тәуелсіздікті талдау	Мүдделер тартысының болмауын растау	Аудитор ұсынған аудиторлық емес қызметтердің нақты шығыстарының сомасы *	Шектеулі сома**	Аудиторлық емес қызметтердің табалдырық мәнінен (9) (4+8) жоғары болады/жоғары болмайды	Қорытынды
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

\* ҚТКФ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарымен ағымдағы жылғы 3, 6, 9, 12 ай бойынша «Санау» ақпараттық жүйесінде берілген деректер бойынша

\*\* Табалдырық мәні ҚТКФ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарымен алдыңғы үш есепті жыл бойынша ҚТКФ және оның еншілес ұйымдарының қаржы есептілігіне аудит пен аралық аудит шолуын жүргізу шығыстарының орташа сомасының 50%-ы ретінде есептеп шығарылады.

**Қаржы блогының басшысы** \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.а \_\_\_\_\_  
колы, күні

Келісілді:

**Бас бухгалтер** \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.а \_\_\_\_\_  
колы, күні

### ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Нұсқа №	Күні	Өзгертілген парақ №	Сипаттамасы	Орындаушы, қолы

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫН ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

№ р/н	Лауазымы	Т.А.Ә.а	Таныстырылғаны туралы қолы, күні	Ескертпе